

Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

2024
жыл / год

19
қаңтар / январь

№2 (64515)

Издается
со 2 августа 1939 года

Мааяк

Районная еженедельная
общественно-политическая газета

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / astrahan.mem.kaz / www.astrahan.gov.kz

Айтулы мерекелік іс-шараға халық әртісі, екі мәрте Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының лауреаты, кино актері, кино режиссер Досхан Жолжақсынов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, тележүргізуші, әнші, Алтыншаш Жағанованың қызы Қаракөз Сүлейменова, Қазақстан Республикасының мемлекет қайраткері Рашит Әкімов, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің басқарма басшысы, жанұялық досы Мейірхан Жалдыбаев, Астрахан ауданының қадірлі зейнеткері, ауданымыздың еңбек сіңірген ұстазы Мұңлық Әбуқызы, ауданның құрметті азаматы, еңбек сіңірген ұстаз, Алтыншаш Қайыржанқызының сынптасы Виктор Удовиченко қатысты.

«АДАМҒА АРНАЛҒАН ЖҮРЕК» АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ

Өткен аптаның соңында аудандық мәдениет үйінде Астрахан ауданының Құрметті азаматы, атақты жерлесіміз, Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанованың «Адамға арналған жүрек» атты шығармашылық кеші өткізілді.



нан гүл шоқтарын табыстап, иығына шапан жапты. Аудан әкімі Талғат Ерсейітов өз кезегінде Алтыншаш Қайыржанқызын шығармашылық кешімен құттықтап, өзінің жылы лебіздерін білдірді.

Шығармашылық кеш Бергенбек ақын халықтың қалаулысы, өңіріміздің мақтанышы Алтыншаш Қайыржанқызына деген арнауымен басталды.

Алтыншаш Қайыржанқызы Астрахан ауылында Қайыржан мен Мүслима Жағановтар отбасында дүниеге келген. Әкесі Қайыржан Астрахан жерінде ізгі із қалдырып, оның құрметіне алғыс білдірген жерлестері аудан орталығының көшелерінің бірін атады.

Алтыншаш Қайыржанқызы 1974 жылы М.Горький атындағы әдебиет институтін бітірген. Егемен Қазақстанның белгілі саяси және мемлекет қайраткері Алтыншаш Қайыржанқызы елімізде парламенттің дамуына лайықты үлес қосты. Алтыншаш Қайыржанқызы егемен еліміздің тұңғыш Конституциясын әзірлеу жөніндегі Конституциялық комиссияның мүшесі болды. Ол кісі тек елімізде ғана емес, сондай-ақ, әлемдік деңгейде Папа Римскиймен жеке кездесіп, Ватиканда өткен дүниежүзілік конференцияда Қазақстан әйелдерінің атынан сөз сөйлеген тұңғыш қазақ әйелі болды.



Кеш иесі мемлекет-тімізге еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Барыс» ордендерінің иегері, драматург, жазушы, «Қазақстан әйелдері» журналының бас редакторы Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанованы сахна төріне шақырып, аудан әкімі Талғат Ерсейітов Ақмола облысының әкімі аты-

Шығармашылық кеш соңында «Адамға арналған жүрек» атты шығармашылық кешінің басты кейіпкері Алтыншаш Қайыржанқызы сөз алып, кешті ұйымдастырған аудан әкімшілігіне, одан бөлек көрерменге зор алғысын білдірді.

Арман ЖАПАРОВ.

СПАРТАКИАДА «ХРУСТАЛЬНЫЙ КОЛОС-2024»

На прошлой неделе в селе Астраханка на площади Дома культуры прошло открытие районной зимней спартакиады «Хрустальный колос-2024» с участием акима Астраханского района Талғата Ерсеитова.

Борьба за лидерство во всех видах спорта и на всех дистанциях оказалась очень напряженной. Каждому хотелось показать хороший результат. Эмоции, спортивный азарт и желание победить переполняли участников.

Эти соревнования, несомненно, стали для районных спортсменов ярким событием в их



насыщенной спортивной жизни. Это еще больше закалит дух, воспитает силу воли для дости-

жения больших результатов как в спорте, так и в жизни.

(ПРОДОЛЖЕНИЕ НА 5 СТР.)

ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ О МОБИЛЬНЫХ ПЕРЕВОДАХ В 2024 ГОДУ

Можно ли переводить деньги родным и друзьям? Физические лица, как и прежде, могут совершать и принимать мобильные переводы в своих личных целях: родственникам, друзьям, родителям и детям и по другим жизненным ситуациям. В этом плане никаких ограничений нет.

Куда обращаться, если предприниматель отказывается принимать безналичную оплату? О всех фактах отказа приема безналичных платежей необходимо обращаться в органы государственных доходов по месту жительства.

Некоторые предприниматели отказываются принимать оплату безналичным расчетом и на-

чали требовать оплату только наличными. Насколько это законно? Согласно нормам Закона РК «О платежах и платежных системах», предусмотренными различными способами оплаты – банковской картой, QR-платежом или наличными деньгами (статья 25).

Отказ в принятии безналичных платежей является неправомерным и нарушает права потребителей.

За отказ предпринимателей в принятии платежей с использованием платежных карточек предусмотрена административная ответственность на первый раз предупреждение, при повторном нарушении – штраф в размере 147 680 тенге (40 МРП) (статья 194 КоАП).

ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ БАЛАЛАРЫҢЫЗДЫ ҚЫЗЫЛША АУРУЫНАН САҚТАҢЫЗ

ДЕНСАУЛЫҚ

Қызылша - ауа тамшы жолымен жылдам таралатын жұқпалы жедел вирустық ауру.

Инфекцияның көзі – науқас сөйлескенде, жөтелгенде және түшкіргенде шығаратын вирус. Вирустар сау ағзаға жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабаты арқылы кіреді, сонан кейін қанмен бүкіл денеге тарайды. Қызылша ауруының инкубациялық кезеңі 10-21 күнге созылады. Ауру кішігірім белгілерден басталады, мысалы: тамақтың ауруы, жалпы

дімкестік, көздің конъюнктивінің қызаруы және тұмау. Дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтеріледі, жөтел пайда болып, әлсіздік күшейеді, 3-4 күндері бөртпе жарқын қызыл дақтар түрінде пайда болады, бетінен бастап, келесі күндері дене мен аяқ-қолдарға түседі. Кейбір жағдайларда іштің ауыруы және сұйық нәжіс болуы мүмкін. Қызылша ауруы қатты асқынулармен ілесіп, орталық жүйке жүйесіне зиян келтіруі және пневмонияға айналуы мүмкін, әсіресе балалар үшін қауіпті.

Қызылша – вакцинамен алдын алуға болатын инфекциялық ауру, яғни

сырқаттанушылық деңгейі халықты вакцинациялау деңгейіне байланысты. Қолданыстағы кәсіби егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы екпе екі рет жүзеге асырылады: 1 жаста және 6 жастағы балалар. Вакцинация адамды 3 инфекциядан – қызамықтан, қызылшадан және эпидемиялық паратиттен бір мезгілде қорғайтын ҚҚП аралас вакцинасымен жүргізіледі.

Қызылша ауруымен науқастанушылар санының ұлғаюына байланысты Астрахан ауданында, барлық ҚР аумағындағыдай, 2023 жылдың 6 қарашасынан

бастап қызылшаға қарсы егілмеген балалар мен ересектерге қосымша жаппай имундау жүргізілуде. Қосымша жаппай имундау аясында бүгінгі күні 852 бала егілді.

Астрахан ауданы тұрғындары!

Егер Сіз немесе Сіздің балаларыңыз қандай да бір себептермен қызылшаға қарсы вакцинацияланбаған болсаңыз, өзіңіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша медициналық ұйымда вакцинация лануға болады.

Құрметті ата-аналар! Вакцинация Сізді және Сіздің балаларыңызды осы аурулардан және олардың асқынуларынан қорғай алады.

Т. КОЛЕСНИКОВА, ААСЭБ бас маманы.

МОНУМЕНТТІК ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ ОРНАТУ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қазақ халқының ежелден келе жатқан тарихы бар. Ғасырлар бойы кейінгі ұрпаққа тарихи-мәдени мұра қалдырып, әлемдік өркениет қазынасына енген мәдени құндылықтар болып саналады. Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштердің саны мен алуан түрлілігі жағынан Жерорта теңізі мен Таяу Шығыстың көптеген елдерінен қалыспайды.

Қазақстан Республикасында ХХ ғасырдың аяғы – ХХІ ғасырдың басындағы экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістер мемлекет пен қоғамның тарихи-мәдени мұраға деген көзқарасының сапалық өзгеруіне өкелді. Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қазақ халқы мен этникалық диаспоралардың тарихи мұрасын сақтауға құқықтық кепілдіктер жасау Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

Ескерткіштер төл мәдениеттің дәстүрлері мен құндылықтарын сақтау және арттыру арқылы ұрпақтар арасындағы байланыстырушы құрал болып табылады. Олар мәдени мұраның маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде маңызды әлеуметтік функцияларды орындайды, ғылымды, білім мен мәдениетті дамыту, патриоттық сезімді қалыптастыру, идеялық-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мақсаттарына қызмет етеді.

Қазақ қоғамында ата-баба мәдени мұрасының рөлі артып келеді, тарихи-мәдени мұраны сақтау маңызды, сондықтан ұлттық қауіпсіздікке төнген басты қатерлердің бірі Қазақстан Республикасы халқының мәдени және рухани мұрасынан айырылуы болып табылады. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 5-тармақшасы) Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының қазіргі жағдайы мемлекет көп ғасырлық дәстүрлерді сақтау және дамыту, жаңа тарихи және мәдени ескерткіштердің ашылуы, кесенелерді, көне мешіттерді қалпына келтіру, жаңа тарихи-мәдени музей-қорықтарды ашу, Қазақстан халықтарының мәдени мұрасындағы тарихи маңызы бар архивтік құжаттарды анықтау, тарихи-мәдени мұраларды қалпына келтіру бойынша мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралар кешенімен сипатталады.

Өздерінің ата-бабаларың, қоғам қайраткерлерін және т.б. мәңгілік қалдырғысы келген азаматтардың Қазақстанда мемлекет белгілеген ережелерді сақтамай, монументтік өнер құрылысы не екенін ұдайы түсіне бермей, ескерткіш орнату жағдайлары жиілеп кетті. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында монументтік өнер құрылысының түсінігі берілген, олар көрнекті тұлғалар мен ескерткіштерді мәңгі есте қалдыру мақсатында орнатылған ескерткіштер, стелалар, бюсттер, маңызды тарихи оқиғалар. Дәл осы заң тарих және мәдениет ескерткіштерінің түрлерін белгілейді, олар: археологиялық ескерткіштер; қала құрылысы және сәулет ескерткіштері; ансамбльдер мен кешендер; киелі объектілер; монументтік өнер құрылыстары. Сонымен бірге, мәдени маңыздылық мәртебесіне қарай ескерткіштер жалпы қабылданған классификацияға сәйкес келетін мынадай түрлерге бөлінеді: халықаралық маңызы бар, дүниежүзілік тарих пен мәдениет үшін ерекше маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері, Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері, Ақмола облысының тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар және тарихи, ғылыми, білім беру, сәулеттік, патриоттық және көркемдік құндылықты жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері.

Ақмола облысында монументтік өнер объектілерін орнату «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI ҚРЗ Заңының нормалары және «Монументтік өнер құрылыстарын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі No 103 бұйрығымен реттеледі.

Мемориалдық құрылысты орнату туралы жазбаша өтініш жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі, онда объекті құрылысының мақсаты және оның қандай объекті екені көрсетіледі.

Орнатылатын объектінің жоғары идеялық, патриоттық және көркемдік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ұсыныс Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияға қаралады. Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі No 103 бұйрығымен бекітілген «Монументтік өнер құрылыстарын орнату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 4-тармағына сәйкес, «Тарихи оқиғаның маңыздылығы архивтік құжаттардың көшірмелерімен, деректік, тарихи, анықтамалық энциклопедиялардан, кітаптардан үзінділермен, ғылыми мақалалармен және өзге құжаттармен расталады.

Комиссия мүшелерінің мұндай объектінің орнатудың маңыздылығы туралы оң қорытындысы болған жағдайда, комиссия Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы арнайы комиссияға құжаттардың тізбесін қоса, ұсынымдық сипаттағы өтініш жібереді. атап айтқанда құрылысты орнатуды қаржыландыру туралы ақпарат қамтылған ілеспе хат құрылысты орнату үшін жер учаскесін бөлу туралы жергілікті атқарушы органның шешімінің немесе қаулысының көшірмесі; құрылыстың 1:10 масштабтан кем емес кемінде екі жұмыс жобасы; жарықтың төрт бағыты көрсетілген құрылысты орнатудың ситуациялық сызбасы; құрылыстың 1:500 масштабтағы бас жоспарының макеті; құрылыстың сәулеттік-көркемдік, композициялық шешімдерін қысқа сипаттауды қамтитын түсіндірме жазба.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-бабы 7 тармағына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұраның сақталуын және оған қол жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Г. ЖАМАНОВА, С. ИМАНГАЛИЕВ, Ақмола облысы мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы» КММ.

ВАНДАЛИЗМ - СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА

В V-VI века в Северной Африке находилось государство вандалов и аланов, переселившихся из Испании в 429 году. В последующие годы вандалы стали совершать морские набеги на Западную Римскую и Византийскую империи, наиболее известной экспедицией стал 2-недельный захват Рима в 455 году. Восточно-германское племя под предводительством короля Гейзериха беспощадно грабили Рим, уничтожали произведения искусства и архитектуры античного периода. Возник термин «вандализм» во времена Великой Французской революции появление которого связывают именно в разграблении Рима в 455 году. Автором термина «вандализм» считается член Национального конвента аббат Анри Грегуар, когда в 1794 году он выступил с «Докладом о разрушениях, творимых вандализмом, и средствах их предотвращения», призывая самым суровым образом пресекать уничтожение памятников искусства, причём Грегуар имел в виду прежде всего действия армии молодой Французской республики. В XIX веке слово «вандализм» прочно вошло в употребление как обозначение бессмысленного разрушения или порчи произведений искусства, памятников архитектуры, культуры и т. д.

Историк искусства, автор «Истории вандализма» (1959) Луи Рео отмечал, что неуважительным термином «вандализм» называют не только непосредственную деструкцию памятников, имеющих художественную ценность или вызывающих облагораживающие их исторические воспоминания, но и изменение их окружения (информационный вандализм), их перенос (эльгинизм) — от имени лорда Элгина, который, будучи британским послом в Константинополе во время наполеоновских войн, после переговоров с турецким правительством вывез в Англию множество


штраф на родителей или лиц, их заменяющих, в размере пятнадцати месячных расчетных показателей.

Правовое понимание вандализма и широкое понимание вандализма, ее природы как социального явления отличаются, различаясь в подходах к определению вандализма, криминологи, психологи и социологи солидарны в одном — вандализм представляет собой негативное явление, требующее устранения.

Вандализм является проявлением того, что общество нездорово и переживает кризис. Примером природного вандализма могут служить надписи на скале Жумбатас в курортном месте Боровом Бурабайского района, на протяжении нескольких лет периодически появляются новые надписи, такая же судьба у пещеры Кенесары являющейся сакральным объектом, где его стены исписаны именами, граффити, что по сути демонстрация общественных норм, правил.

Вандализм, это агрессивное действие, содержащее умысленное, деструктивное поведение, причиняющее вред и равно создающее опасность жизни обществу.

3 января 2023 года Президент страны подписал ряд норм по вопросу усиления ответственности за экологическое правонарушение и проявления вандализма. Уточнена и конкретизирована диспозиция уголовной статьи 294 вандализм, ее нормы приведены в соответствие с Законом Республики Казахстан "Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия". Установлен нижний порог санкций за эти правонарушения и наказывается штрафом в размере от пятидесяти до ста шестидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к обществен-



произведений античного искусства), переделку (реставрационный вандализм). Кроме того, вандализмом можно считать уничтожение не только рукотворных произведений, но и природных местностей.

Памятники истории и культуры, имеющие особую историческую, научную, художественную или культурную ценность, являясь специфичным предметом преступного посягательства, характеризуются повышенной степенью общественной опасности, приводящие к фактической утрате культурных ценностей, либо потере ими своих уникальных свойств, в результате чего причиняется невосполнимый ущерб культурному наследию. Рассматриваемые общественно-опасные деяния приводят к нарушению духовных идеалов и сложившихся на протяжении нескольких поколений положительных моральных устоев общества.

Уничтожение или повреждение памятников истории и культуры имеют место в том случае, когда объект материальной культуры приведен в полную непригодность или настолько видоизменен в результате удаления каких-либо частей, фрагментов, что значительно снижает его художественную, культурную ценность.

В Казахстане под термином вандализм в статье 294 Уголовного кодекса Республики Казахстан обозначается как осквернение объектов историко-культурного наследия, памятников истории и культуры, природных объектов, охраняемых государством, надписями или рисунками, или иными действиями, оскорбляющими общественную нравственность, и наказывается штрафом в размере от пятидесяти до ста шестидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста шестидесяти часов, либо арестом на срок до сорока суток.

В кодексе об административных правонарушениях в Республике Казахстан, в статье 448 предусмотрена административная ответственность несовершеннолетних где, вандализм, то есть осквернение объектов историко-культурного наследия, памятников истории и культуры, природных объектов, охраняемых государством, надписями или рисунками, или иными действиями, оскорбляющими общественную нравственность, совершенное несовершеннолетними в возрасте до шестнадцати лет, и влечет

ным работам на срок до ста шестидесяти часов, либо арестом на срок до сорока суток. В соответствии со статьей 448 кодекса об административных правонарушениях за совершенное актов вандализма несовершеннолетними в возрасте до шестнадцати лет, влечет штраф на родителей или лиц, их заменяющих, в размере пятнадцати месячных расчетных показателей.

Раскрыть каждое второе преступление в стране удаётся правоохранительным органам с помощью камер видеонаблюдения. Но с природным вандализмом не всегда удаётся задержать правонарушителя, они часто уходят от ответственности, и как следствие, безнаказанность порождает вседозволенность.

С каждым годом количество охраняемых историко-культурных объектов растет, что говорит об актуальности проблемы сохранения памятников историко-культурного наследия. Соответственно объекты историко-культурного наследия, требуют особого внимания. Связь людей с их прошлым посредством «паломнических» ритуалов, такие ритуалы, так или иначе, соотносятся с сакральными для группы местами прошлого- местами совершения подвигов, сотворения чудес, смерти героя и т.п. Таким образом, через пространственное сопричастие с прошлым происходит и духовное, эмоциональное взаимодействие с ним. Памятники позволяют буквально проследить смены технологий, трансформации взглядов поколений в ходе истории, что позволяет выполнять культурно-воспитательную функцию, формировать патриотизм у подрастающего поколения. В наших руках не допустить разрушения, бороться с вандализмом на всех уровнях общественной системы и формировать не зависимо от возраста человека культуру поведения, при которых сформирована надпись на «память» на объекте истории, культуры и природного объекта, не воспринималась нормой казахстанского образа жизни. Выработать социальные нормы при которых сформирована новая культура поведения, усилится чувство принадлежности к истории, уважения к объектам культуры и природе.

Г. ЖАМАНОВА, С. ИМАНГАЛИЕВ, КГУ «Центр по охране и использованию историко-культурного наследия» управления культуры Ақмолинской области.

АЛТЫНШАШ ЖАҒАНОВАҒА АРНАУ

Салындар құлақ халқым-ау,
Болындар аман жалпым-ау.
Жырдан шашу шашайың,
Тойына мына апаның.
Талайларды тудырған,
Киелі жер Астрахан.
Елден шыққан жақсылар,
Небір талай ғалымдар.
Алтыншаштай апамыз,
Белгілі жан аты аңыз.
Осы елде апам туылған,
Жеріне мына қараңыз.
Сексенге келдің жан апа,
Жар болсыншы бір Аллаһ.
Ғұмыр ұзақ тілейің,
Бір басыңа жан ана.
Аңыз ана өзіңсің,
Қайраткері елімің,
Министр де болдыңыз,
Кезінде қазақ елінің.
Жазушы да болдыңыз,
Талай кітап жаздыңыз.
Кеңесіне қазақты жоғары,
Депутат та болдыңыз.
Талай-талай шет елге,
Сапарлап апа бардыңыз.
Мінберден талай жоғары,
Сөз де талай алдыңыз.
Елім деп қазақ тебіреніп,
Егеменді ел үшін.
Жаныңды соған салдыңыз,
Құрметтейді халқыңыз.
Кем болмадың атақтан,

Еңбегіңді бағалап.
Қазақ елі өзіңе
Орден, медаль сан таққан.
Мемлекеттік сыйлықтың
Лауреаты өзіңіз.
Бір басыңа лайық
Талай сыйды көрдіңіз.
Құдай қосқан жарыңыз,
Әнес Сарай атамыз.
Ол кісі де жазушы,
Белгілі еді аты аңыз.
Кімге мәңгі бұл өмір,
Айтыңызшы жан апа
Жүріңіз аман өзіңіз,
Ғасыр жасты тойлаңыз.
Жүрсін аман Досханмен,
Қаракөздей қызыңыз.
Қызығын апа солардың
Аман-сау жүріп көріңіз.
Аяулы өзің жан апа,
Құрметсіз жан ана.
Құтты болсын айтайың,
Сексенге келген жасыңа.

Серікбай ДОСЫМОВ.



2024 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН КЕЙБІР ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР МӨЛШЕРІ АРТТЫРЫЛДЫ

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (Қор) жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейін жүзеге асырады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілердің өз жұмыскерлері үшін, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін ең төменгі бір жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын табыстың 3,5% мөлшерінде төленетін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады.

2024 жылдан бастап ең төменгі жалақының 85 мың теңгеге дейін артқанын ескере отырып, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік аударымдардың ең төменгі мөлшері айына 2 975 теңгені (3,5%*85 000 теңге), ал ең жоғары мөлшері – 20 825 теңгені (3,5%*7*85 000 теңге) құрайтын болды.

Әлеуметтік аударымдардың уақытылы түсуі әлеуметтік төуекелдердің 6 түрі: еңбекке қабілеттілігінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы, жұмысынан айырылуы, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуына байланысты, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына тағайындалатын әлеуметтік төлемдердің мөлшеріне тікелей әсер етеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болудың артықшылықтарына оралсақ, ең алдымен Қордың әлеуметтік-маңызы бар екі ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдерін атап өткен жөн.

Мұндай төлемдер республикалық бюджеттен берілетін базалық жәрдемақыларға (мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы) қосымша жүзеге асырылады. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем медициналық-

әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеген кезеңге тағайындалады, тағайындаудың максималды мерзімі - алушының зейнеткерлік жасқа жетуі, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем – асыраушының асырауындағылардың 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқығанда 23 жасқа дейін тағайындалады.

Жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылармен бірге Қордың ұзақ мерзімді төлемдері де арттырылады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалатын әлеуметтік төлемдер 7%-ға арттырылды. Осылайша, жұмыс істейтін азаматтар алатын төлемдердің жиынтық мөлшері жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда көбірек болады.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері ұсталуға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қосымша есептей отырып, бала туу кезектілігіне қарай белгіленген бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақының мөлшерінен кем болмайды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратты Қордың gfss.kz интернет-ресурсы арқылы, сондай-ақ Қор мен филиалдардың әлеуметтік желідегі аккаунттарынан алуға болады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры.



Үйде де, түзде де, БАҚ-та да, әлеуметтік желіде де «айлық аз, қылдай қымбатшылық, бір басымызға бірнеше несиеміз бар, тағысын тағылар» деп желдей есіп бұрқылдап-бұрқылдап аламыз да, «ойбай, ертең пәленшенің 50 жасы, арғы күні анау кімнің 60 жасы, одан кейін тұсаукесер, одан кейін бейсенбай шайы, қырқы, жылы...» деп біресе қиулап билеп, біресе көз жасын сығып ескі сұрлеуге түсіп жөнеле береміз. Қазағымыздың, қандастарымыздың көпшілігінде осындай жағдай десем, қателесе қоймаспын. Ешкімді де кінәлайын деп отырған жоқпын, бұл да өміріміздің бір бөлшегі екені рас, бірақ тойлағанның жөні осы екен деп арасын ұзатпай тойхананың есігін тоздыра берудің де, көңіл айтқанның жөні осы екен деп, ет жақыны болмаса, былайғы көпшіліктің қаралы шаңыраққа да қайта-қайта бара беруі әдепке де, қоғамдық пайдалы өмір салтын ұстанудың жазылған және жазылмаған ережесіне де сәйкес келмейтінін өтірік дей алмаспыз.

Дәл қазіргі уақытта бізге той қуғаннан гөрі, ой мен қой қуғанның, ұрпақ тәрбиесіне көбірек көңіл бөлудің пайдасы анағұрлым өзекті болғаны дұрыс еді. Тіпті қазағымыздың тойларының мән-мағынасыз, жүрек айнытарлық дарақылық сипат ала бастағаны соншалық, әлеуметтік желілерде соны мәртебе көреді. Ойсыз мақтаншыпен салынған сүндет тойдағы баланы тойханаға атпен кіргізуі, байғұс жануардың кейбір өзінен өресі төмен жандардың қылығынан үркіп, аспанға секіріп омақаса құлауы, жарқыраған еденге тезек тастауы, тойханаға қымбат көлікпен кіруі, баланы таққа отырғызып, төбеге көтеріп, нағандық дәуіріндегі фараондарға ұқсатып алып жүруі, жас жігіттердің әйел адамды төбелеріне көтеріп, таққа отырғызып, тойхана ішіндегі үлкен-кіші, бала-шағаның арасымен ән айтқызып алып өтуі, жындана жүлқынған жас пен көрінің анайы биі, тағы басқа осы тектес оспадарлықты көргенде өзге ұлттың не ойлайтынын қайдам, тіпті өзіміз «өлемде тоғызыншы орын алатын территорияны қанын тегіп қорғап осы күнге жеткізген, Аңырақайда атой салған, жоңғардың желкесін үзіп, тұқымын тұздай құртқан, тағы басқа толып жатқан ерлік, даналық шежірелерінің иесі болған бабаларымыздың ұрпағы шынымен де осы біз бе?» деген ойдың еріксіз қылаң беретінін де жасыра алмайтын күйге жете бастаған сияқтымыз.

Той-томалақтың көптігі өз алдына, Құдай сақтасын, өлім-жітім де тым жиілеп кеткендей. Мұны айтатын жалғыз мен емес, бас қосылатын жерлердегі көпшіліктің әңгімесі осы тектес. Айтқым келгені, өзге ұлттан он-

ТӘРБИЕ ТЕТІГІ ТАЛБЕСІКТЕН

Бұрын жастау кезімізде мән бермедік пе, әлде ол уақыт шынымен қазіргіден өзгеше болды ма, той-томалақ та, басқа да кәделі салт-жоралғыларға байланысты басқосулар дәл бүгінгі күнгідей көп емес сияқты еді. Сияқты деп күлбілтелегенше, анық солай десем, маған ешкім мұның жалған дей қоймас. Өйткені, қазір сенбі, жексенбіні былай қойғанда, аптаның жұмыс күндеріндегі түскі үзілісті пайдаланып, тіпті мезгілсіз, кешкі уақыттың өзінде шақырған жерлерге баруға тура келіп қалады және шақыратындардың бәрі де – ағайын-туғыс, құда-жекжат, көрші-көлем, қысқасы, сөзін жерге тастай алмайтын кимас жандар.



дайды байқамаппын, бірақ көп жағдайда біздің қазақтың менталитетінде үлкендер жүрген жерде міндетті түрде бала-шаға, жасөспірімдер жүреді. Болашақта біз салған сұрлеумен солар жүреді, бізден естігенін айтады, көргенін жасайды, жақсы өнеге қалдырып жатсақ нұр үстіне нұр. Ал біздер, қазіргі ересектер Құдай сақтасын, ата-бабаларымыз аманаттаған ұлағатты ұлы жолдан ауытқып бара жатқан болсақ ше? Тіпті артық болса да айтайың, дәл бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесінен гөрі, ата-ананың, яғни үлкендердің тәрбиесі проблемаға айналып бара жатқандай ма деп қаламын. «Бір жылдығыңды ойласаң егін ек, жүз жылдығыңды ойласаң ағаш ек, мәңгілігіңді ойласаң ұрпақ тәрбиеле» деп бекер айтылмаған шығар ғой. Ендеше, ұрпақ тәрбиесі талбесіктен бастау алғаны жөн емес пе?

Өлем бойынша өркениеті, мәдениеті, өнеркәсібі дамыған алдыңғы қатарлы елдердің бірі жапон елінің ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беретінін де тілге тиек етті. Ұлттық рухы да жоғары, білім жүйесі де алдыңғы қатарлы бұл ел ұрпақ тәрбиесіне

мұқият көңіл бөледі екен. Білім саласына соңғы 150 жылдың ішінде бірнеше рет терең реформа жүргізілген, ол реформаның негізгі мақсаты – өзге мемлекеттердің озық білім жүйесін пайдалану, бірақ жапон рухы мен ойлау, сөйлеу қабілетінің ауытқуына жол бермеу. Аталған идеология күні бүгінге дейін Жапонияның білім беру жүйесінің бірден-бір даму стратегиясына айналумен келеді екен. Жапон халқының басты тұлғасы императордың жарлығында «сәбиден бастап үлкендерге дейін алдымен өздерінің рухын және моральдық бастауларын сақтауға тәрбиеленуі керек, ал содан кейін олар өз қабілеттеріне қарай әртүрлі пәндерді меңгеруіне болады» деп көрсетілген дейді жапон қызы. Бүгінгі жапон мектебі – жапондық ұлттық рухтың өсуіне ықпал ететін, өз тәрбиеленушілерінің бойында ең алдымен ұлтқа тиесілі моральдық нормалардың болуын қалыптастырып, ұлттық мінез-құлықтың негізін дамытып отыратын мектеп. Жапон қызының осы айтқандарын кезінде қойын дәптерге түртіп қойғанмын. Өз басым біздегі кемшін түсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесіне ұлттық

тәрбие жетпей жатыр деп ма деп ойлаймын. Бұған қоса, әлеуметтік желіде мынадай деректі байқап қалдым. Америкалық ғалымдар осыдан 150 жылдың арғы жағында өмір сүрген көше қаңғыбасы және маскүнем болған Макс Джек деген пенденің ұрпақтары саналатын 840 адамды зерттепті. Сонда жүз жыл ішінде олардың арасынан 63 қарақшы, тонаушы, 50 жезөкше, 7 кісі өлтіруші, 300 қайыршы, мезгілсіз ажал құшқан 200 адам, туа бітті ақыл-есі кем 200 адам шығыпты. Тек 20-сы ғана қалыпты өмір сүріпті.

Ал америкалық қоғам белсендісі, танымал педагог Джонатан Эдвардтың отбасынан тараған 1394 адамды зерттегенде, оның ұрпақтарынан жүз жыл ішінде 13 жоғары оқу орнының ректоры, 100 пастор, яғни дін қызметкері, 75 әскери генерал, 60 ақын-жазушы, журналист, мемлекеттік қызметкер, 180 заңгер, 80 элита мүшелері, яғни қоғамды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отыратын әр саладағы ақсүйек қауымы, 3 сенатор және 1 АҚШ президенті шығыпты. Бір ғана баланың нашар тәрбиесі мен тегі келесі ұрпаққа қалай әсер ететіні туралы жоғарыда келтірілген сандар түсінік беретін шығар.

Жаңа заманның озық технологиялары, жаһандану үрдісі қанатын кеңге жайып, тамырын тереңге жіберіп, халқымыз ұлттық құндылықтарынан қол үзіпкіреген тұста, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен ата-бабаларымыздың ұлағатты ұстанымының, насихаттарының, шешендік сөздерінің қадір-қасиетін жан-тәнімен ұққандай болады екенсің. Осыған қарап-ақ олардың ұрпағының талбесіктен тәлім алып, ұясынан ұшып шыққанға дейінгі тәрбиесіне аса ықтиятты болғанын аңғарамыз. Қазіргі таңертеңнен қара кешке дейін телефонның тетігін түрткілеуден жалықпайтын жас ұрпақтың бойынан сыпайылық, инабаттылық, мейрімділік қасиеттерінің азайып бара жатқанын көріп, бұлардың болашағы не болады деген суық ойдың сұмандап қоя беретінін де жасыра алмаймыз.

Ұрпағымыздың келешегі кемел, ертеңі еңселі болуына, алдына қойған арман-мақсатына алаңсыз қол жеткізуіне мүдделі болсақ, ұлттық тәлім-тәрбиенің тұнып тұрған асылдары мен інжу-маржанын бойына сіңірумен бірге әр ата-ана талбесіктің жан-жақты тазалығына асқан жауапкершілікпен көңіл бөліп, одан кейінгі сатылы білім ордаларындағы тәрбиесіне де ұстаздармен бірге атсалыса, ертеңгі ел жанымыз, ел қорғаны, ұлт ұстыны болатын азаматтарымыздың да қатары қалыңдай түсеріне күмәніміз қалмас еді.

Әлімжан ҚИЯС.

БІР ШӘУГІМ ШӘЙ

Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде Астрахан ауданының құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жаңбырбай Орманмен «Бір шәугім шәй» жобасы бойынша кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге ауыл ақсақалы, Жаңбырбай Орманның сыныптасы Мырзағұл Каков, «Аталар» клубының жетекшісі, Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін жолын сонау 1973 жылы бастаған. Кейін түрлі қызметтерде болған. 2004-2013 жылдары ауданымызға қарасты Новочеркасск ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеді.

ауыл шаруашылығы қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелер кәсіподағының аудандық комитетін басқарды.

2022 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Кездесу барысында оқушылар өздеріне қызықты сұрақтарын қойып жатты. Кездесу өте тартымды, тәрбиелік мәні зор болды деуге болады.



мектебінің тарих пәні мұғалімі Мұхтар Қалиев және мектептің жоғарғы сынып оқушылары қатысты. Жалпы, Жаңбырбай Орман осы Өндіріс ауылының тумасы. Еңбек

2013 жылдан 2016 жылға дейін аудандық мәслихат аппаратының басшысы болды. 2016 жылы лайықты еңбек демалысына шығып, сол жылы Астрахан ауданының

Дәнекер ХОЛҒАНАТ,
Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ



Противодействие коррупции - деятельность субъектов противодействия коррупции в пределах своих полномочий по предупреждению коррупции, в том числе по формированию антикоррупционной культуры в обществе, выявлению и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, а также по выявлению, пресечению, раскрытию и расследованию коррупционных правонарушений и устранению их последствий.

Термин "коррупция" произошел от сочетания латинских слов "corrupti" - несколько участников в одной из сторон обязательственного отношения по поводу единственного предмета и "ruptura" - ломать, повреждать, нарушать, отменять. В результате образовался самостоятельный термин - "corruptura", который предполагал участие в деятельности нескольких (не менее двух) лиц, целью которых является "порча", "повреждение" нормального хода судебного процесса или процесса управления делами общества.

В числе глобальных проблем современности коррупция составляет одну из насущнейших проблем, порождающая серьезные угрозы для безопасности и стабильности общества. Каждое государство в той или иной степени ощущает на себе негативное влияние коррупции. Такая ситуация подрывает демократические институты и ценности, нарушает этические, моральные и право-



вые нормы, наносит ущерб правопорядку и устойчивому развитию народов и наций. Сегодня коррупция уже не представляет собой локальную проблему. Она превратилась в транснациональное явление, оказывающее существенное отрицательное влияние на общество и экономику всех стран мира. Искоренение и профилактика коррупции является обязанностью каждого современного демократического правового государства и национального гражданского общества.

А. БУХАРОВ,
старший судебный пристав Астраханского районного суда.

ЗА КУЛИСАМИ УНИВЕРСИТЕТСКОЙ ЖИЗНИ

Студенческая жизнь – это время, когда школьники стремятся превратить свои мечты в реальность. И одним из самых увлекательных путей достижения этой цели является обучение в престижном университете.



Я была не исключением. После окончания КГУ «ООШ № 3 с.Жалтыр» моя мечта осуществилась: с 1 сентября 2023 года я являюсь студенткой факультета журналистики в Санкт-Петербургском государственном университете. И уже 8 февраля 2024 года университет будет отмечать своей юбилей - 300 лет.

СПбГУ – это не только одно из старейших и наиболее уважаемых учебных заведений России, но и место, где студентам предоставляются уникальные возможности для проявления творческого потенциала и развития профессиональных навыков. Программа обучения на журналиста в СПбГУ предлагает студентам широкий спектр курсов, включающих теоретическое обучение и практическую работу.

Одной из ключевых особенностей программы является акцент на практике.

Студенты имеют возможность попробовать себя в различных жанрах журналистики, начиная от новостных статей и интервью, заканчивая репортажами и редакционной работой. На практических занятиях студенты знакомятся с основными инструментами работы журналиста, такими как написание статей, съемка видеоматериалов, монтаж и редактирование.

Однако обучение на журналиста в СПбГУ не ограничивается только практическими

занятиями.

Здесь студенты имеют

возможность

погрузиться в

теоретическую базу журналистики, изучить историю и эволюцию профессии, а также провести исследования в области массовых коммуникаций.

Также первое, от чего я была приятно удивлена, это преподавательский состав. Преподаватели СПбГУ – опытные специалисты, которые помогают студентам раскрыть свой потенциал и развить критическое мышление. Слушая на лекциях каждого преподавателя, понимаешь, что время проходит незаметно и интересно. Первый раз встретила таких преподавателей, которые одновременно с тобой «на одной волне», но в то же время в меру строгие.

Ещё одним из самых интересных аспектов обучения на журналиста в СПбГУ является возможность участия студентов в реальных медиа-проектах. Благодаря сотрудничеству университета с различными СМИ, студенты имеют возможность попробовать себя в профессиональной среде и получить ценный опыт работы настоящего журналиста. Хочется также упомянуть день первокурсника, который проходит 30 августа. Ежегодно после торжественной церемонии первокурсники СПбГУ запускают «кораблики надежды» в акваторию Невы. Такие трогательные мероприятия, которые организует университет, надолго останутся в нашей памяти.

Обучение на журналиста в СПбГУ – это не только уникальная возможность для молодых людей превратить свои мечты в реальность, но и открыть двери в захватывающий мир медиа.

Я рада быть частицей этого ВУЗа. Журналисты, выпускники СПбГУ, вносят значительный вклад в мир медиа и продолжают наращивать репутацию университета как одного из лучших мест для обучения журналистов.

Получив хорошее образование в одном из престижных ВУЗов ближнего зарубежья, набравшись первого журналистского опыта, в дальнейшем планирую вернуться на Родину, применить полученные знания на практике и пополнить ряды казахстанских журналистов.



Нам пишут...

МЫ ПРОТИВ КОРРУПЦИИ

МИР МОЛОДЕЖИ

Сейчас, очень часто среди молодежи проводятся ознакомительные мероприятия, которые играют очень важную роль в формировании активного гражданского общества.



На этой неделе в Агротехническом колледже с.Астраханка было проведено открытие отделения Молодежного крыла "Жастар Рухы" при партии "AMANAT" и состоялась диалоговая площадка тему "Мы против коррупции".

В данном мероприятии принимали участие Спильный Даниил Андреевич - директор филиала Молодежной антикоррупционной организации "Жас Қыран" при РОО "ОДПК "Жаңару" по Акмолинской области, Абдибеков



Нуртас Талгатович - депутат Астраханского районного маслихата.

С информацией для молодежи выступила директор МРЦ Астраханского района З. Жакенова.

